

Ректордың м.а.
2024 жылғы «29» қараша
№ 06-01-25/87 бұйрығына
№ 4 қосымша

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясының тәртіптік комиссиясы туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің тәртіптік комиссиясы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясы қызметінің қағидаларына, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясының ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес әзірленді, және Академия жұмыскерлерінің тәртіптік теріс қылықтарын қарау жөніндегі «Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Академия) тәртіптік комиссиясының өкілеттіктерін, қызметін ұйымдастыруды айқындайды.

2. Осы ережеде пайдаланылатын ұғымдар:

1) тәртіптік комиссия (бұдан әрі – комиссия) – тексеру жүргізу материалдарын қарау, теріс қылыққа қатысты фактілерді зерттеу және Академия жұмыскерлеріне қатысты жазалау шаралары туралы ұсынымдар шығару үшін құрылған тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган;

2) тексеру – Академия жұмыскерлерінің теріс қылықтары туралы материалдар мен мәліметтерді оның жасалу мән-жайларын толық, жан-жақты және объективті анықтау мақсатында жинау жөніндегі қызмет.

3. Комиссия қызметі жұмыскерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және құрметтеуге және Қазақстан Республикасының заңнамасын қатаң сақтауға негізделеді.

2. Комиссияның жұмыс тәртібі

4. Комиссия құрамы Академия ректорының бұйрығымен бекітіледі және құрамы кемінде үш адамнан тұратын тақ саннан тұрады, олардың біреуі Академияның құрылымдық бөлімшесінің басшысы болып табылады. Осы комиссия мүшелерінің арасынан төраға мен хатшы тағайындалады.

5. Тәртіптік жаза қолданылғанға дейін Академия жұмыскерінен жазбаша нысанда түсініктеме талап етілуге тиіс. Егер екі жұмыс күні өткеннен кейін жұмыскер жазбаша түсініктеме бермесе, онда жұмыскердің жазбаша түсініктемеден бас тартуы туралы акт жасалады. Жұмыскердің жазбаша түсініктемеден бас тартуы тәртіптік жаза қолдануға кедергі бола

алмайды. Тәртіптік жазаға тартылған жұмыскерге жазбаша түсініктемеден бас тарту туралы акт шығарылған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде қолын қойғызып, хабарланады.

6. Комиссия өз отырысында материалдарды қарайды және теріс қылыққа қатысты фактілерді зерттейді.

Комиссияның отырысына оған қатысты тексеру жүзеге асырылатын жұмыскер шақырылады.

Комиссия тексеру жүзеге асырылып отырған жұмыскердің түсініктемелерін тыңдайды. Жұмыскер тексеру материалдарымен танысады және мәні бойынша түсіндірмелер береді.

Комиссия отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған жұмыскердің келмеуі тексеру материалдарын қарауға кедергі болмайды.

7. Комиссияның отырысы, егер оған барлық мүшелері қатысса, заңды болып табылады.

8. Комиссия мүшесі өзінің жақын туысы болып табылатын жұмыскерге қатысты теріс қылықтар жөніндегі немесе егер Комиссия мүшесінің осы тексеруге тікелей немесе жанама мүдделілігі болса, фактілерді тексеруге және зерттеу материалдарын қарауға қатыспайды. Мұндай жағдайларда комиссия мүшесі қарсылық білдіруге (өздігінен бас тартуға) жатады.

Өздігінен бас тарту және қарсылық білдіру дәлелді болуы тиіс және отырыс басталғанға дейін де, отырыс барысында де мәлімденеді.

Комиссия мүшесінің өздігінен бас тартуы туралы шешімді комиссия оның отырысқа қатысушы мүшелерінің көпшілік даусымен жазбаша нысанда қабылдайды және оған қатысты тәртіптік теріс қылық материалдары қаралатын жұмыскердің және комиссия мүшесінің қатысуымен жария етеді.

9. Қаралатын мәселелер бойынша комиссия оның отырысқа қатысушы мүшелерінің көпшілік даусымен тиісті шешім қабылдайды, оған комиссия төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

Комиссия шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Комиссия мүшелері дауыс беру кезінде қалыс қала алмайды.

Егер Комиссия мүшелерінің дауысы тең бөлінген болса, Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

10. Комиссия қорытындысы негізінде Академия ректоры келесі шешімдер қабылдайды:

тиісті жаза қолданады немесе қолданбайды;
материалдарды қосымша тексеруге жібереді.

11. Академия ректорының жаза қолдану туралы бұйрығымен жұмыскер оны шығарған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қол қойғызып хабардар етіледі. Жазаға тартылған жұмыскер танысуды өз қолымен растаудан бас тартқан жағдайда, бұл туралы акт жасалады.

Жұмыскерді жаза қолдану туралы бұйрықпен жеке таныстыру мүмкін болмаған жағдайда, оған бұйрықтың көшірмесі хабарламасы бар хатпен жіберіледі.

12. Жаза жасалған теріс қылықтың ауырлығына, оны жасаған адамның кінәсінің нысаны мен дәрежесіне сәйкес келуге тиіс.

13. Жаза түрін айқындау кезінде жиынтығында ескеріледі:
теріс қылықтың мазмұны мен сипаты;
теріс қылық жасалған мән-жайлар;
жасалған теріс қылық әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін теріс зардаптар;
алынбаған жазалардың болуы.

14. Тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жазаның мынадай түрлері қолданылады:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) еңбек шартын бұзу.

15. Жаза теріс қылық анықталған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қолданылады және теріс қылық жасалған күннен бастап алты айдан кешіктіріп қолдануға болмайды.

Тәртіптік жазаны тәртіптік теріс қылық жасалған күннен бастап алты ай өткеннен кейін, ал Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген немесе ревизия немесе жұмыс берушінің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру нәтижелері бойынша тәртіптік теріс қылық анықталған жағдайларда жұмыскер тәртіптік теріс қылық жасаған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін қолдануға болмайды.

16. Жаза төмендегі жағдайларда алынады:

- 1) жаза қолданылған күннен бастап алты ай өткен соң, егер жұмыскерге жаңа жаза қолданылмаса;
- 2) Академия ректорының шешімі бойынша алты ай өткенге дейін.

17. Академия ректорының тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрығына сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.